КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 қазан №5265-23-00-2/2575 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының Қаратау ауданының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«TAU GROUP-SSS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының Қаратау ауданының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«TAU GROUP-SSS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«TAU GROUP-SSS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А. Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 31.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2023, судья Сейтжанұлы С., 09.01.2024

5265-23-3-1/2884